

## Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2014 жылғы 4 шілдедегі № 232-В ҚРЗ.

*РҚАО-ның ескертпесі!*

*Осы Конституциялық заң 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.*

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына конституциялық заңдарына өзгерістер енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кенесінің Жаршысы, 1995 ж., № 17-18, 114-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 192-құжат; 1998 ж., № 7-8, 71-құжат; № 22, 290-құжат; 1999 ж., № 10, 340-құжат; № 15, 593-құжат; 2004 ж., № 7, 45-құжат; 2005 ж., № 7-8, 17-құжат; 2006 ж., № 23, 138-құжат; 2007 ж., № 12, 85-құжат; 2009 ж., № 2-3, 5-құжат; 2010 ж., № 11, 55-құжат; 2011 ж., № 3, 30-құжат; 2013 ж., № 17, 84-құжат):

47-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайлардан басқа кезде, Президенттікке, Парламент депутаттығына кандидаттарды олар тіркелген күннен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін, сондай-ақ олар Президент, Парламент депутаты ретінде тіркелгенге дейін Орталық сайлау комиссиясының келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, үйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды".

2. "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мэртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кенесінің Жаршысы, 1995 ж., № 21, 124-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 78-құжат; 1999 ж., № 4, 100-құжат; № 10, 342-құжат; 2006 ж., № 23, 137-құжат; 2007 ж., № 12, 83-құжат; 2013 ж., № 17, 84-құжат):

1) 27-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "сұрау салу", "саудар", "Сұрау салу", "сұрау салынған", "Сұрау салуға", "салынған сұрауына", "саудар", "Саудар" деген сөздер тиісінше "саудар", "сұрақтар", "Саудар", "саудар жолданған", "Саударға", "саударға", "сұрақтар", "Сұраққа" деген сөздермен ауыстырылып, 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Парламент депутатының Премьер-Министр мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банк Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорға, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы мен мүшелеріне саулалдауға құқығы бар. Бұл ретте, Бас Прокурорға не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданған саулалық қудалау функцияларын жүзеге асырумен байланысты мәселелерге қатысты бола алмайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына жолданған саулаларды қарау Парламенттің немесе оның Палаталарының жабық отырыстарында жүргізіледі.";

2) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

### **"32-бап. Депутатқа ешкімнің тиіспеуі**

1. Қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайлардан басқа кезде, Парламент депутатын өз өкілеттіктері мерзімі ішінде тиісті Палатаның келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, үйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Депутатты қылмыстық жауаптылыққа тартуға, ұстап алуға, күзетпен ұстауға, үйқамаққа алуға, күштеп әкелуге немесе сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға келісім алу үшін Бас Прокурор Сенатқа не Мәжіліске ұсыну енгізеді, мұны Палаталар тиісті Палатаның отырысында қарауға әзірлеу үшін Орталық сайлау комиссиясына жібереді. Ұсыну құдіктінің іс-әрекеттерін саралау туралы қауымен депутатты таныстырудың алдында, ұстап алудың, оны күзетпен ұстауға, үйқамаққа алуға санкция беру туралы өтінішхатпен сотқа жүгінудің, күштеп әкелудің, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сотқа жіберудің алдында енгізіледі.

Бас Прокурордың ұсынуы және Орталық сайлау комиссиясының қорытындысы олар келіп тұсken күннен бастап екі апта мерзімнен кешіктірілмей қаралады және Палата тиісті лауазымды адамдардан қосымша ақпарат беруді талап етуге құқылы. Палата уәжді шешім қабылдайды және оны Республиканың Бас Прокурорына және анықтау мен алдын ала тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарының басшысына үш жұмыс күні ішінде жібереді. Депутат өзіне ешкімнің тиіспеуі туралы мәселені Палата қараған кезде қатысуға құқылы.

3. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін. Парламент депутаты қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік ішінде оны міндетті түрде хабардар ете отырып

, жалғастырылуы мүмкін. Исті тергеп-тексеру барысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды Бас Прокурор жүзеге асырады.

4. Орталық сайлау комиссиясы іс бойынша шешім қабылдаған тиісті соттан Парламент депутатын айыптау бойынша істі қарау нәтижелері туралы ақпаратты сұратып алады және оған қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда, тиісті Палатаға депутаттық мандаттан айыру туралы ұсыну енгізеді".

3. "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 173-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 22, 129-құжат; 2008 ж., № 10-11, 34-құжат; 2013 ж., № 17, 84-құжат):

1) 12-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерін өз өкілеттіктері мерзімі ішінде Парламенттің келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, үйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірынғай тізілімінде тіркелгеннен кейін Конституциялық Кеңестің Төрағасына немесе мүшесіне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін, ол Конституциялық Кеңестің Төрағасын немесе мүшесін қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім беру туралы ұсынуды Парламентке енгізеді. Конституциялық Кеңестің Төрағасы немесе мүшелері қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не олар ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оларға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік ішінде оны міндетті түрде хабардар ете отырып, жалғастырылуы мүмкін. Исті тергеп-тексеру барысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды Бас Прокурор жүзеге асырады.";

2) 14-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Конституциялық Кеңес Төрағасының немесе мүшесінің өкілеттіктері, егер заңда белгіленген тәртіппен оны ұстап алуға, күзетпен ұстауға, үйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартуға, сотта медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы тиісті өтінішхатты қозғауға келісім берілген жағдайда да тоқтатыла тұруы мүмкін.".

4. "Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 10, 232-құжат; 2010 ж., № 11, 55-құжат; 2012 ж., № 1, 2-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат):

1) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**"3-бап. Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президентіне – Елбасына ешкімнің тиіспеуі"**

Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президентіне – Елбасына ешкімнің тиісуіне болмайды. Ол өзі Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктерін орындау кезеңінде жасаған, ал бұлар тоқтатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы деген өз мәртебесін жүзеге асыруға байланысты әрекеттері үшін жауаптылыққа тартылмайды. Оны ұстап алуға, қамаққа алуға және құзетпен ұстауға, тінтуге, одан жауап алуға не жеке басын жете тексеруге болмайды.

Тиіспеушілік Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президентіне – Елбасына және онымен бірге тұратын отбасы мүшелеріне жеке меншік құқығымен тиесілі барлық мүлікке, сондай-ақ олар пайдаланатын тұрғын және қызметтік үй-жайларға, қызметтік көлікке, байланыс құралдарына, жазысқан хаттарына, оларға тиесілі құжаттарға қолданылады. Тиіспеушілік Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президентінің – Елбасының қорына тиесілі мүлікке де қолданылады.

Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президентіне – Елбасына және онымен бірге тұратын отбасы мүшелеріне жеке меншік құқығымен тиесілі мүлікке, сондай-ақ оның қорының мүлкіне қандай да бір шектеулер қойылмайды.

Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президентінің – Елбасының және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің банктік шоттарының банктік құпиялышына және оларға тиіспеушілікке кепілдік беріледі.";

2) 6-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президентін – Елбасын құзету Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызметіне жүктеледі.".

5. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 23, 410-құжат; 2006 ж., № 23, 136-құжат; 2008 ж., № 20, 77-құжат; 2010 ж., № 24, 147-құжат; 2012 ж., № 5, 38-құжат):

27-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қылмыс ұстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайлардан басқа кезде, судьяны Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз, ал Конституцияның 55-бабының 3 ) тармақшасында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз ұстап алуға, құзетпен ұстауға, үйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін. Судья қылмыс ұстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік ішінде оны міндettі түрде хабардар ете отырып, жалғастырылуы мүмкін. Судьяға қатысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен прокурордың санкциясымен жүргізуі мүмкін.".

**2-бап.** Осы Конституциялық заң 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК